

С.О. Смағұлова*
Г.Б.Ізбасарова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: adep_s68@mail.ru

Мерзімді баспасөздегі Сталиндік қуғын-сүргін (XX ғ. 20-30 жж. мерзімді баспасөз материалдар негізінде)

Аңдатпа. Мақала кеңестік идеологияның мерзімді баспасөзді коммунистік партияның насихат құралына айналдыру барысы мен сталиндік қуғын-сүргін науқанына арналған. XX ғ. 20-30 жылдардағы шыққан партия мен үкіметтің органы болған «Еңбекші қазақ» (кейіннен «Социалды Қазақстан», «Социалистік Қазақстан»), «Қызыл Қазақстан», губерниялық «Ақ жол», «Қазақ тілі» және тағы басқа басылымдар социализмнің салтанатын асқақтата көтеруге, мадақтауға, жаңа кеңестік өмір жетістіктерін дәріптеуге тиіс еді. Авторлар кеңестік жүйенің тұсында шыққан мерзімді баспасөзге қатысты үкіметтің ұстанған көзқарасын анықтайды және «саяси билікке қарсы шықты» деген желеумен түрлі салаларда қызмет еткен ұлт зиялылары мен ел азаматтарын газет-журнал арқылы әшкерелеу процесін мысалдар негізінде ашып көрсетеді. Мерзімді баспасөз арқылы большевиктік жүйеге жат элементтермен күрес барысының қалай жүргізілгендігі нақтыланады. XX ғасырдың 20-жылдары қазақ интеллигенция табының «буржуазиялық ұлтшыл», «жікшіл», «оңшыл» ретінде саяси тұрғыда қудалау науқанын ілігу барысы сараланады. 30-шы жылдар коммунистік партия қатарына кіріп кеткен жау элементтерден тазарту барысының газеттерде көрініс табуы айқындалады. Ақтөбе облысының аудандарындағы «халық жауларын» анықтаудағы баспасөздің рөлі мен орны сараланып, Ойыл, Темір, Преснов аудандарындағы оқу-ағарту, мәдениет, өнер, ауылшаруашылығы салаларындағы зиянкестерді әшкерелеу мен оларға қатысты жүргізілген сот процесі ашылып көрсетіледі.

Түйін сөздер: кеңестік идеология, мерзімді баспасөз, зиялылар, ұлтшылдық, Алаш қозғалысы, сталиндік қуғын-сүргін, жат элемент, әшкерелеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-135-2-79-90>

Түсті: 04.05.2021 Жарияланымға рұқсат етілді: 20.05.2021

Кіріспе

Кеңес өкіметінің нық орнағаннан кейін патша заманында ұлт зиялыларының ұйымдастыруымен шығып тұрған мерзімді баспасөздің барлығы кеңестік жүйенің басылымына айналып, үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып, коммунистік партия рөлін насихаттауға кірісті.

Кеңестік биліктің мерзімді баспасөз саласында ұстанған саясатының бірі –

ұлтшылдардан тазарту болды. Сөйтіп, халық арасында ықпалы зор «алашордашылдардан» аластатып, мерзімді баспасөзі идеология құралына айналдыру еді. Осы баспасөз арқылы социализмнің салтанатын дәріптеу, лениндік, сталиндік идеяның мәңгілік екендігін халық санасына сіңіру, коммунизм орнатуда партияның сара жолына түсу қажеттігін түсіндіруді мақсат ете отырып, қалың бұқараны тек кеңестік билікке бойұсынуға шақырды. Мерзімді

басылымдарды кеңестік мемлекет саясаты мен идеологиясын насихаттаудың ақпараттық құралы ретінде мейлінше ашық түрде қолдана бастады. Баспасөзді насихат құралы ретінде пайдалануда арнайы қаулы-қарарлар мен шешімдер қабылдап, оның атқаратын негізгі қызмет ету аясын айқындады. Сөйтіп, мерзімді басылымдар кеңестік үкімет пен партия саясатына бағына отырып, лениндік, сталиндік биліктің Қазақстанда берік орнауына, әкімшіл-әміршіл жүйенің саяси-идеологиялық өктемдігінің жаппай салтанат құруына жағдай жасады.

Қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда да үкімет пен партия саясатын дәріптеу арқылы халықтың демократиялық ой-пікірлерін ашық түрде білдіруге тосқауыл қоюмен елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өрлеуі кеңестік жүйенің жемісі деген біржақты пікірді қалыптастыруға тырысты.

Дегенмен, әлі де болса ұлт зиялыларының ықпалы басым «Ақ жол», «Шолпан», «Қазақ тілі», «Темірқазық» сияқты басылымдар кеңестік жүйе қысымына қарамастан үкіметтің саясатын ашық болмаса да, астарлы түрде сынға алған мақалаларды жариялап та үлгерді. Бірақ, оны жариялаған басылым редакторлары мен авторлары қатаң сыналып, сөгіс алып, қызметтен қуылды. Солардың арасында Сталиннің жеке бақылауына іліккен «Ақ жол» газетіне ұлтшылдықты уағыздайтын мақалалар, өлеңдер мен әңгімелердің жариялауына жол берілуіне қазақ зиялыларының ықпалына сүйенген редакция кінәлі саналды [1, 12-б.].

Орталық Комитеттің Бас хатшысы И.В. Сталин «Ақ жол» газетін «ұлтшылдардың газеті» деп бағалап, редакция құрамын жедел түрде қайта ұйымдастырып, одан партия қатарында жоқ қызметкерлерді шығарып, керісінше кеңестік рухта тәрбиеленгендермен толықтыруды, сөйтіп, газетті коммунистік партияның насихат құралына айналдыруды ұсынды.

«Ақ жол» газетін сынау барысында В. Сталиннің сынына қазақ ұлт зиялысы, эмигрант Мұстафа Шоқай ілігіп, оның газетке жариялаған мақаласын «коммунистерге,

кеңестік жүйеге қарсы мақала» деп келтірді [2].

«Ақ жол» газетінен кейін «Өртең» газеті, «Темірқазық» журналы ұлтшылдықтары үшін тоқтатылды. «Тілші», «Сана» сияқты басылымдардың да редакциялық алқасын ұлтшыл элементтердің ықпалынан арылтып, оның редакциялық алқасын күшейту ұсынылды [3]. Сөйтіп, 30-шы жылдары мерзімді баспасөз түбегейлі партияның насихат құралына айналып, үкімет пен партияның шешімдерін, съездер мен пленумдардың қаулы-қарарларын орындай отырып, кеңес идеологиясын дәріптеді.

Большевиктік үкіметтің идеологиясын насихаттауға кіріскен басылымдар сталиндік билікті мадақтау, жалаң ұран көтеру, көпірме сөз жазумен айналысты. Сонымен қатар, ұлттық езгі мен теңсіздіктің сарқыншақтарын, ұлтшылдық пен ауытқудың барлық көріністеріне тойтарыс беруге күш салып, керісінше отарлық езгіге қарсы шыққан азаматтарды ұлтына, тегіне қарамай қаралау басталды.

Әдебиеттерге шолу. Сталиндік кезеңдегі мерзімді баспасөз арқылы қуғындалу процесі кеңестік жүйе тұсында нақты зерттеу нысаны болған жоқ. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана қолға алынып, ғылыми айналымға енгізіліп, түрлі мазмұндағы мақалалар мен сол негізде зерттеу кітаптары шыға бастады. Бұл ретте Дана Махаттың «Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.)» атты кітабын атап өтуімізге болады. Автор Қазақстандоталитарлықмемлекеттікжүйені орнықтыруда мерзімді басылымдардың рөлін айқындай отырып, мемлекеттік саяси билікті қолға алуда мерзімді басылымдардың насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы ретінде жоғары бағалағандығын дәлелдеуге тырысады. Кеңестік экономиканың, мәдени-рухани салада социализмнің сталиндік концепциясының қалыптасуы, ұлт және ұлтаралық қатынастар мәселесінің баспасөзде дәйектелуін көрсетеді [4].

Қазақ баспасөзі арқылы ұлт зиялыларын, мемлекет қайраткерлерін, жұмысшы және шаруаларды қуғындау процесі С.О.

Смағұлованың «Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен дерктік маңызы» атты монографиялық еңбегіне арқау болды. Автор большевиктік биліктің жат элементтерден коммунистік партия қатарын тазарту барысы мен қазақ азаматтарының қуғынға ілігуінің себептерін мерзімді баспасөз және архив деректері негізінде дәлелдеуге тырысады [5]. Дегенмен, қуғын-сүргін барысына байланысты ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы мерзімді басылымдарға жарық көрген материалдар әлі де болса аздық етеді, болашақта зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу әдістері

ХХ ғасыр 20-30-шы жылдарында мерзімді баспасөз арқылы қуғындалғандарды зерттеу барысында мәселенің қойылуын, тақырыпты зерттеудің құрылымын, құжаттардың шынайылығын тексеру және оны қолдану, алынған нәтижелерді түсіндіру сияқты методологиялық негізін қарастыруды басты мақсат еттік. Мақала барысында материалдарға ғылыми шолу, талдау жасау арқылы қорытындылау, салыстырмалы, жүйелік сипаттау, саңдық талдау, жинақтау, сараптау сияқты әдістер кеңінен қолданылды. Сонымен, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісінде зерттеуге алған нысанның немесе оқиғаны бұрындары болған жәйттермен қарастыра саралауға, тұжырым жасауға болады. Ал жүйелілік әдісте зерттеліп отырған мәселені құрылымына, хронологиясына қарай талдау жасауға болады.

Мақалаға сипаттаушы-баяндаушы әдіс түрі де кең түрде қолданылып, зерттеліп отырған тақырыпқа орай мерзімді баспасөздегі кейбір материалдар сипаттау-баяндау түрінде де берілді.

Талқылау

ХХ ғасырдың 20-жылдарының басынан бұрынғы «Алаш» қозғалысына қатысқан немесе ниеттес болғандарды қудалау, оларды газет-журналға жариялау арқылы сынау белең алды. Бұлардың арасында ұлт зиялылары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсын, М. Дулатов сынды

қайраткерлермен бірге кеңестік жүйенің солақай саясатына риза болмағандар бар-тын.

Алашордашыларды сынау М. Атаниязовтың «Алаш» партиясының тарихи сыны» деген «Қызық Қазақстан» журналына жарияланған мақаласынан айқын білінді. Ол 1917 жылы құрылған «Алаш» партиясының жіберген кемшіліктерін саралап, олардың жіберген қателіктеріне әскер (милиция) құру, салғырт салу, ақ гвардияшыларға қолдау көрсетіп, олардың қатарында болу деп, алашордашыларды жүргізген саясатын «жаңылыс, адасқан» деп тұжырымдады.

Алаш қайраткерлерін баспасөз арқылы ақырындап сынға ала отырып, олардың әрекеттеріне тойтарыс беруі бірте-бірте жауапты қызметтен аластату, халық арасындағы беделдерін түсіру, ықпалдарын төмендетуеді. Жалпы 20-жылдың басында басталған кеңестік қудалау үдерісі қарқынды жүргізіліп, тек алашордашылар ғана емес, олардың идеясына қолдау көретті дегендермен де күрес жүргізілген. Бұл әсіресе 1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетіне хатшы болып келген Ф.И. Голощекиннің тұсында күшейді. «Буржуазиялық ұлтшыл», «жікшіл», «оңшыл» ретінде саяси тұрғыда қудалау науқанына Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, С. Мендешев, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев және т.б. ілікті.

Тарихшы Д. Махат Ф. Голощекиннің алға қойған мақсатын «ұлттық мүддені, елдің экономикалық ерекшелігін ескере отырып, жұмыс жасауды ұсынған ұлт коммунистерінің белсенді бөлігін биліктен ығыстыру болса, екінші бір көздегені алашорда құрамында болған қазақ оқығандарын партия басшылығындағы жауапты қызметтерден қуу болатын» деп келтіреді [6, 52-б.].

1927-32 жылдары Алаш қозғалысына қатысқан немесе олармен байланыста болды дегендерді қуғындаудың нәтижесінде 70-тен астам интеллигенция өкілдері сотқа тартылып, олардың 50-ге жуығы түрлі мерзімге қамалды, жер аударылды, атылды [7, 284-б.].

Кеңестік үкімет «жат элементтерден» құтылу жолын партияның қатарын тазартудан бастады. Партия қатарын тазарту барысында

ел арасында іріткі салып, ұлт наразылығын тудырған ұлтшыл элементтердің әшкерелену науқаны табысты жүргізілді. Бұл жайында партияның басты органдық газеті болған «Социалды Қазақстанға» жариялау арқылы зиянкестердің аяғына балта шабуды көздеді. Мәселен, газетке жарияланған Қалмырза Өтеповтың «Контрреволюцияшыл ұлтшылар – фашизмнің агенті» мақаласында: «Ішімізге кіріп алып өздерінің зиянкестік істерін жүргізіп жүрген талай жаулардың беті ашылып, талайы қуылды. Алайда троцкийшіл, ұлтшыл бандиттердің сарқыншақ элементтері ішімізде әлі де жоқ деп айта алмаймыз», – дей отырып, партия қатарын осындай элементтерден әбден тазартуда сақтықты, қырағылықты күшейту керек деген тоқтам жасайды [8].

Сөйтіп, коммунистік партия қатарына кіріп кеткен жау элементтерден тазарту барысы қарқынды жүргізілді. Партия қатарына еніп кеткен бұрынғы «байшыл, ұлтшылдардан» тазарту науқаны барлық губернияларда жүзеге асырылып, оны орындау барысын өлкелік атқару комитеті тікелей бақылауға алды. Ол үшін арнайы «комиссиялар құрылып» аудандарға жіберіліп, ауылдық партия ұйымдарының жұмысы, оның басшылары мен ұйым құрамындағы коммунистердің қызмет барысы жете тексерілді. Әшкереленгендерді міндетті түрде баспасөз арқылы таныту маңызды саналды. Сондықтан губерниялық атқару комитетінің идеология бөлімі бұл мәселені өздері қолға алып, қадағалап отырды.

«Еңбекші қазақ» және тағы басқа газеттерде айқын жазылып, коммунистер қатарын лайықты еместерден тазарту науқанының қарқынды жүргізіліп жатқандығы жөнінде есептер жарияланып отырды. «Ойыл басшыларының қылығы» деп аталған Ғаббас Тоғжановтың мақаласында Елтай Ерназаровтың комиссиясы Ойыл ауданындағы бірқатар басшы партия, кеңес қызметкерлерінің қылмыстарын газет беті арқылы ашқандығының белгілі екендігін келтіре отырып, мұндағы басшы қызметкерлерінің партия мен үкімет ісіне жасырын түрде қарсы әрекет еткендіктердің

әшкереленгендігі айтылды. Газетте жазылғандай, Ойыл ауданындағы партия мен кеңес жұмыстарына басшылық етуші қызметкерлер партия жолына қарсы істерді, неше түрлі бұзық қылмыстарды бәрі бірігіп істеген, сүйемелеп, біріне-бірі көмектесіп отырған. Ойыл «бұзақыларының» тобына бұрынғы қазақ байлары мен атқамінерлер партияда жоқ оқығандардың ықпалы күшті болғандығы анықталған.

Ғ. Тоғжанов кейбір партия қызметкерлері осы аталған жау элементтермен ауыз жаласып, сыбайлас болып, халықтың байлығын тәркіге салғандығын, қылмыстарын ешкімнен жасырмай, ашық түрде істегендігін мысалдармен көрсетпекке тырысады. Ойыл қызметкерлерінің арасында бірін-бірі қонақ қылу салтқа айналғандығын, ақша салып карта ойнау, арақ ішу, ақыры жанжалдасып, төбелеспен тарқайтындығын да нақты келтірген. Бұл мақаладағы «басшысымақтардың» басты кінәсі патша заманындағы билік басында болғандар мен атқамінерлерге әлі қолдау көрсетуі, пара алушылық, қазына ақшасын ысырап қылуы. Автор тез арада бұл «басшылардың» әрекеттеріне іс-шара қолдану, сотқа тарту керектігін ұсынады [5, 341-б.].

Партия қатарына кіріп кеткен жау тап элементтерін тазалау үдерісі 1936-1937 жылдары да жалғасын тауып, кең өріс алды. Мерзімді баспасөз қырағылық танытып, партияға кейбір жолдармен еніп кетіп, іріткі салушы бұрынғы бай тап өкілдерін әшкерелеген мақалалардың күнделікті жарияланып отыруына барлық жағдайды жасады. 1936 жылдың 1 тамызына дейін партия қатарына адасып кіріп кеткен, немесе үкіметтің билігіне қасақана әрекет жасағандар оның қатарынан шығарылған [9].

Газеттер бұл науқанды арнайы айдарлармен көрсетуге тырысып, бір-бірімен жарысқа түсіп, гүлденіп келе жатқан кеңестік жүйеге, социалистік құрылыстың дамуына қарсы жымсықы әрекеттерімен зиянкестік тигізіп жатқандарды аяусыз әшкерелеп көрсетуге күш салды. Баспасөзде әр облыстан шыққан «халық жауларын» халыққа көрсету, білдіру арқылы, қырағылық танытуға

шақырған мақалалардан аяқ алып жүргізісіз болып кетті.

1936-1938 жылдары 30 жылдың басында қуғындалған ұлт зиялыларының ісі қайта көтеріліп, олардың үкімет ісіне қарсы жүргізген астыртын әрекеттерін анықтау ісі қолға алынды. Партияның жиналысы, конференцияларында бұл жайт ашық айтылып, «халық жауларын» түбірімен құрту қозғалған. Ол үшін әрбір мекеме, жоғары орындар қырағылық танытып, әшке еніп еткен дұшпандармен күресті өрістетуге тиіс болды. Ұлтшылдармен күресу барысының қалай жүргізіліп жатқандығы және өзінің қателіктерін мойнына алғандар жайында газеттерге жариялау маңызды саналды. Сондай мақаланың бірі «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған «Халық дұшпандарын түгел әшкерелеп, көзін мүлде құртайық» мақаласы болып, онда зымияндық әрекеттермен партия қатарына өтіп алып, Шымкент, Қызылорда сияқты ірі қалаларда мемлекет аппаратына қызметке кіріп контрреволюциялық әрекеттерін жалғастырып жатқан коммунистер жайында бірнеше фактілердің айқындалғаны айтылса [10], одан кейінгі нөмірлерінде бұрынғы алашордашылардың идеясын таратушы Ы. Мұстамбаев, С. Сәдуақасов сынды партия қатарындағы қызметкерлер сынған алынды. Бұл екеуіне де «троцкийшіл-зиновьевшілердің идеяларына қолдап көрсетіп, контрреволюцияшыл-ұлтшыл топтармен байланыс жасап, зиянкестік жұмыстар жүргізді» деген айыптар тағылды [8].

Партияның ішіне кіріп алған жат элементтерді әшкерелеу барысы газетте күнделікті жарияланып отырды. «Жалақорлар жазаланбай отыр» деген мақалада Шымкент облысына қарасты аудандарда бір адамдардың жала жабуымен жазықсыз болған адамдардың партия қатарынан шығарылып, қызметтерінен қуылғандығы айтылды. Дегенмен, жазылған арыздарды тексеру барысында аудандық партия ұйымының хатшылары өз әрекеттерін жоққа шығарды. Мысалы, Ленгер ауданының партия комитетінің хатшысы болған Балот партия комитетінде жасаған баяндамасында: «Біздің

ауданда коммунистерді партия қатарынан шығаруда қателер болған жоқ. Оны ауызға алып сөз қылудың да қажеті жоқ», - дейді.

Мақалада шындығында Балоттың кезінде талай адал коммунистер дәлелсіз, орынсыз партиядан қатарынан шығарылғаны келтіріледі. Партия қатарынан шығарылғандардың бірі қарт жұмысшы, Тихфатуллинді апелляция арқылы қайта алу үшін ол жайында сұрастырғанда, Балот оған «НКВД орындары әшкерелеген, қазір түрмеде» деп жауап қайтарған. Ал негізінде Тихфатуллин Ленгердегі көмір шахтасында жұмыс істеп жүрген еді [11].

Газетте жарияланған келесі «Мемлекеттік тәртіпті бұзғандар» атта мақалада Ақтөбе химия комбинатының жұмысына тоқталып, ондағы істің нашарлығы, жұмыстың ұйымдастырылмай отырғандығы баса көрсетілді. Осындай жағдайға жеткізілген адамдардың да аты аталып, оларды жауапқа тарту мәселесі көтерілді [12].

Балқаш мыс комбинатында топтасып алған троцкистіл-бухариншіл бандит, зиянкестердің тобының барлығы жайында «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған «Басшылықтың большевизмге қарсы стилі» мақаласында келтірілді. «Троцкистіл-бухариншіл бандиттер, ұлтшыл-фашист сұмырайлар Балқашта көп зиянкестіктерді істеді. Зиянкестік құрылыстың негізгі учаскелерінің барлығында да болды. Зиянкестер рудникте кеңді зерттеу жұмыстарын теріс жүргізді. Рудниктің проектісі кең зерттеу карталары зиянкестікпен жасалған. Троцкистіл-бухариншіл бандиттер мыс қортатың заводтың проеті, сметаларын әбден былықтырған. Заводтың пландау жұмыстарын, финанс шаруашылығын бүлдірген», - дей келе, осы жағдайды Қарағанлы облыстық комитетінің басшысы болған Пинхасиктің білгенін, бірақ тиісті шара қолдамауын, сол зиянкестерге болысқан» деп, мұны большевизмге қарсы әдейі жасалған әрекет деген тұжырым жасаған [13]. Мұндай мазмұндағы мақалалардың партияның органды басылымына жариялануы талай адамдардың қуғындалуына жол ашты. Көпшілігі мақаланың дұрыс-бұрыстығына

көз жеткізбей ашылған істің құрбанына айналғаны сөзсіз.

Губерниялық газеттерде де жергілікті зиянкестерді әшкерелеуге белсене кірісті. Оған ірі өндіріс орындарындағылар ғана емес, ауылшаруашылығы саласындағылар, яғни колхоз басқарушылары, қарапайым еңбеккерлер де ілігіп, түрлі себептермен қудаланды. Ақтөбе облыстық комитеті мен облыстық атқару комитетінің органы «Социалистік жол» газеті де «Социалистік Қазақстан» газетінен қалыспай әр нөмірінде «халық жауларын» әшкерлеуді жоспарлы түрде жүргізді. Ақтөбе ауданындағы Ақсуат колхозындағы кеңестік жүйеге қарсы зиянкестер тобының барлығына дабыл қаққан «Билер сотқа берілді» фельетоны облыс халқын дүр сілкіндіріп, кішкене ғана ауылдан жат пиғылдылардың шығуы өз айналасына сезіктене қарауға алып келді. Колхоз төрағасы Жұмағалиевтың басшылығынан мал шаруашылығы жақсы көтерілгенімен де, оның рахатын орынбасары Қалдыбаев, есепшісі Әзілов үшеуі ғана көріп отырғаны келтірілді. Тексеруге келген Дәрібаевтың алдына дастархандарын жайнатып, ауыздарын майлап жіберген. Кейіннен Дәрібаевтың бұл ісі газетке жарияланып, жаңа комиссия жіберілсе де, Жұмағалиевтің есебін тауып, комиссияның мүшесі қалалық комитеттің инспекторы Құдайбергеновке пара беріп істі жапқан [14]. Мұның бәрі әдейі жасалынған, үкімет саясатына қайшы әрекеттер ретінде көрсетілді.

Оқу-ағарту, мәдениет, өнер салалары да зиянкестерді баспасөз арқылы әшкерелеуден кеңде қалған жоқ. Әсіресе драма театр айналасында ішкі жауларды анықтап, жария ету қызу жүрді. Ақтөбе облыстық драма театры ұжымында жікшілдер, ұлтшылдарды облыстық комитеттің өкілі, өнертану бөлімін басқарушы Әйтімовтың басқарып отырғаны «Социалистік жолға» Смағұловтың «Театрды басқарып отырған бассыз басшылар» деген тақырыппен басылды. Театрдың башылығы 30-шы жылдардан бастап жымысқы саясаттарын жүзеге асырып, ұлтшылдардың, алашордашылардың ықпалында келгендігін айтылып, бұл Шарониннің, театр режисері

Әлпиннің кезінде ушыққаны келтірілді. Негізінде Ақтөбе облыстық драма театрындағы екіжүзділер туралы осы жылдың қыркүйек айында «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған «Ақтөбе театрындағы ұялаған бұзықтар» арнайы мақала басылып, Шаронин, Әлпин, Әйтімовтердің астыртын әрекеттері жайында жазылған еді.

Смағұловтың осы «Социалистік Қазақстандағы» мақалаға үкімет тарапынан ешкім де мән бермей, тексерістің келмегеніне қынжыла келе: «Әйтімов алашордашылардың агенті екендігі анықталып, әшкереленген Мұқанбетовпен тығыз байланысып, жасап келген. Әйтімов театрдың жұмысын кері кетіруге әрекет жасаған. Театрда жақсы қызмет істеп жүрген актерлерді театрдың режисері болып істеген Табынбаевты, әдебиет қызметкері Халықовты, артист Қошқарбаевты қызметтен шығарған. Бұлардың орнына өткен жылы партиядан және профсоюздан қуылған Васильев, Шагон, Омаров, Белтаев сияқты аферистбұзықтарды қызметке орналастырған. Сүйтіп, өз мақсатын осылар арқылы орындауға әрекет жасаған. Коллективті жікке бөліп, өзінің группасындағылардың беделін көтеруге тырысқан. Комсомолда жоқ жастарды комсомол ұйымына қарсы қойған. Театрдың жақсы аристері Тойғалиев, Әбілев, Әйтешевтерге қудалау жасаған. Әйтімовтыңтобындағы Сейілов және Әйтімовтың ағасы Сұлтан Әйтімовтың әйелі Елемесова «театр қызметін істемейміз» деп шалқаяды. Жоғарғылардың салдарынан драма театрдың жұмысында береке жоқ», - деп жаза отырып, осындай «ұлтшыл» басшыларды қызметтен аластатуды қолға алу керетігін көтереді [15]. Оқу-ағарту саласында сауат ашу жұмысындағы кемшіліктер де газет бетіне тізіліп көрсетілген. Ақтөбе облысындағы 17546 шала сауаттылар әлі де оқуға тартылмай отырғандығы, тіпті кейбір колхоз, совхоздарда оқыту барысын басшылары тоқтатып тастағандығын, мұғалімдердің өзі шала сауатты болып, дұрыс сабақ өткізе алмай отырғандығы баса айтылды. Жұмысшыларды сауаттандыру курстары да өте нашар ұйымдастырылуы, оған облыстық оқу-ағарту бөлімі селқос қарап, бақылау

жасамайтындығы ашық айтылып, осының бәрін кеңестік жүйеге қасақана жасалған әрекет деп есептеді [16].

«Социалистік жол» газеті контрреволюцияшыл, троцкистік, ұлтшыл-фашистерді әшкерелеп қана қойған жоқ, оларды соттау процесін де жариялаған. Сондай бір сот үрдісі Ақтөбе облысына қарасты Преснов ауданындағы өткізілген. 1937 жылдың 22-23 қыркүйегінде Преснов ауданында қарасты Преснов станциясында «контрреволюцияшыл, троцкистік, ұлтшыл-фашист бандылар» аталғандарға сот үдерісі басталған. Газетке бұл үдеріс халықтың көңілін аударатындай «Преснов ауданындағы контрреволюцияшыл троцкистер мен ұлтшыл-фашистер бандысына сот» деген атаумен басылған екен. Сотқа аудандық комитеттің бұрынғы хатшысы Конувков, аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Қапаров, аудандық жер бөлімінің бастығы Калугин, бұрынғы аудандық прокурор Пазылов, аудандық оқу бөлімінің бұрынғы бастығы Оразбаев, бұрынғы халық соты Майкөтов, бұрынғы халық тергеушісі Өтепов, аудандық атқару комитетінің бұрынғы іс басқарушысы Сқақов, «Красное знамя» колхозының бұрынғы төрағасы Гревешок, «Путь к социализму» колхозының бұрынғы төрағасы Гомнюк тартылған.

Газеттің жазуынша, бұл сот үдерісіне станцияның еңбекшілері, ауданның колхоздарынан, совхоздарынан және МТС-тарынан келген колхозшылар мен жұмысшылар қатысқан. Сот процесі П.М. Спиридоновтың төрағалығымен, Р. Байарыстанов, П.А. Пилягин мүшеліктерімен өткен.

Контрреволюцияшыл, троцкистік, ұлтшыл-фашист бандыларды айыпшаушылар облыстық прокурордың бас жәрдемшісі К.М. Зайыпов, әлеуметтік айыптаушы Н.О. Кривтов жүргізше, ал оларды қорғаушылар коллегиясының мүшелері Сергеенко, Ливедов, Татарников, Дувровин қорғаған.

Бұрынғы халық соты Майкөтовке «революциялық заңдарды өрескел бұрмалады, контрреволюцияшыл, троцкистік, ұлтшыл-фашист бандылардың құрамында

болды, халық жауы Есмұқамбетовпен байланыста болып, ұлтшыл-фашистік топтың мәжілістеріне қатысты, контрреволюциялық үгіт жүргізді» делінсе, ал бұрынғы аудандық прокурор Пазыловқа «бандылар тобына адамдар тартып, өзі оны ұйымдастырушы болды» деген айып тағылды. Басылымда баяндалғандай олардың күнәларын растайтын куәгерлер де тартылып, айыптары беттеріне басылған екен [17].

Соттың жалғасы 24 қыркүйекте жалғасып, айыпкер, аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Қапаровтың жабауы тыңдалған. Оған да «халық жауы Есқараевтың тапсыруымен Преснов ауданында ұлтшыл-фашистік ұйым құрып, басшылық етті» болды деген айып тағылды. Сот барысында Қапаровтан алынған сұрақ-жауаптарға көңіл аударайық:

«Прокурор: Халық жауы Есқараев сізді ұлтшыл-фашистік ұйымына қашан тартты?

Қапаров: 1935 жылы.

Прокурор: 1937 жылғы сентябрьдің 2-дегі мәлімдемеңізде «Мен ұйымға оның (Есқараевтың) пәтерінде алындым. Мені ол 1935 жылы февральдің басында өзінің пәтеріне шақырып алды» деп жазғансыз. Сіз оны сипаттайсыз ба?

Қапаров: Ия, оны мен жаздым.

Прокурор: Олай болса, 1935 жылғы февральдан сіз ұлтшыл-фашистік ұйымға қатынасқансыз.

Қапаров: Меніңше солай түсіну керек.

Прокурор: Ұлтшыл-фашистік ұйым өзінің алдына қандай міндеттер қойды?

Қапаров: Айта алмаймын.

Прокурор: 1937 жылғы сентябрьдің 4-і күні өзіңіз жазған мәлімдемеңізде былай дегенсіз «Қазақстандағы контрреволюциялық ұлтшыл-фашистік ұйымы алдына қойған міндеттері мынадай: 1) Қазақстанды Советтер Союзынан бөліп алу; 2) Алашорданың программасы бойынша буржуазиялық мемлекет құру; 3) Шаруашылықтың советтік түрін – колхозды – совхозды – МТС-тарды жою және жаңа колхоздарды жеке шаруашылықтарға айналдыру, совхоздар мен МТС-тардың ауылшаруашылық машиналарын байларға алып беру».

Қапаров: Ия, бұл менің жауабым.

Прокурор: Практикада бұл міндеттер не болып шығады?

Қапаров: Егер бұл міндеттер орындалса, бұл совет үкіметін құлату болар еді.

Прокурор: Бұл контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашистік міндеттерді орындау үшін қандай жолдар белгіледіңдер?

Қапаров: Ешбір жолды білмеймін.

Прокурор: Сіздің міне мынадай жауабыңыз бар: «Бұл міндеттерді орындауға мынадай жолдар болды: ұлт ала көзігін қоздыру, орыстарды қазақтарға қарсы қою».

Қапаров: Бұны мен жазғанымды растаймын.

Прокурор: Ұлтшыл-фашистердің контрреволюцияшыл троцкистермен қандай байланыстар жасағанын білесіз?

Қапаров: Пресновтағы троцкистермен байланыс жасау туралы, троцкистер тобы мен ұлтшыл-фашистік топ арасында байланыс жасау туралы задание алғанымды көрсетіп қолымнан жауап жаздым.

Прокурор: Мұндай байланыс жасауға установка берген кім?

Қапаров: Троцкистер мен байланыс жасау туралы задание берген Есқараев.

Прокурор: Есқараев сізді Преснов ауданына қандай мақсатпен жіберді?

Қапаров: Есқараев мені Преснов ауданына контрреволюциялық әрекет жүргізу үшін жіберді.

Прокурор: Сіз өзіңіз ұлтшыл-фашистік ұйымдарына айыпкерлер ішінен кімді тартты?

Қапаров: Қорзабаевты.

Осы жауаптары арқылы Қапаровтың ұлтшылдық жолына қалай түскендігі дәлелденген екен [18].

Зерттеу нәтижелері

Осындай соттың бірі Семей губерниясына қарасты Ұржар ауданында болған. Соттау үрдісі басталмай жатып «Социалистік Қазақстан» газетінің 22 қыркүйектегі санында «Буржуазияшыл ұлтшылдардың бірін қалдырмай әшкерелеп, жермен жексен қыламыз!» деген көлемді мақала жарияланып,

Преснов ауданы мен Ұржар ауданында контрреволюцияшыл троцкиштілердің, буржуазияшыл ұлтшылдардың тобына қатысты сот үрдісінің ашылатыны хабарланып, бұл туралы белгілі болған алғашқы материалдарды жариялады. Газеттің жазуы бойынша, Преснов ауданында троцкист Конюков пен ұлтшыл-фашист Қапаров басқарған, Ұржар ауданында ұлтшыл-фашист Матшанов пен Мадалиев басқарған халық жаулары өздерінің осы уақытқа дейін жүргізіп келген ұлтшылдық қылмыстарына жауап беріп, дұшпандық әрекеттері айғақталған.

Басылым ауданы мен Ұржар ауданында контрреволюцияшыл іс жүргізген троцкистер мен ұлтшылдардың тобын троцкист-бухариншы, ұлтшыл-фашист тобының бір тарауы ретінде көрсетті. «Құрамында бұрынғы байлар, алашордашылар, ұлтшыл-жікшілер бар бұл топ фашизмнің резервіне, жапон-герман барлауының кадрына айналып, Кеңес үкіметіне, партияға қарсы күресіп, контрреволюциялық іс жүргізіп келген» делінді мақалада [19].

Баспасөзге бұл сот та «Ұржар ұлтшыл-фашистер бандысына сот» деген атаумен шыққан. «Социалистік Қазақстан» газетінен бастап облыстық газеттерде кеңестік жүйеге қарсы шыққандардың айбынын бүкіл қазақ жеріне таныту мәселесі қолға алынған. Мақала «Социалистік жол» газетіне де басылды. Бұл сот процесі қыркүйек айында Науалы ауылында өткен. Оған осы Науалы ауылының бұрынғы төрағасы Ғайсин, Мирзоян атындағы колхоздың төрағасы Қалышев, «Жаңа тұрмыс» колхозының төрағасы Құлжабаев, Ұржар аудандық қатынас бөлімінің бастығы Бекебаев, «Елтай» колхозының бұрынғы төрағасы Батқаловтар іліккен.

Бұл айыпкерлердің арасында шыққан тегіне қарай бай балалары да бар-тын. Мәселен, тергеушілердің анықтауы бойынша, айыпкер Ғайсин бай баласы болып, ұлтшыл-фашистік контрреволюцияшыл ұйымына оны 1936 жылдың басында Матшанов пен Мадалиевтің тартуымен кіріп, олардың зиянкестік тапсырмасын колхозшылардың арасында орындаған Матшановпен бірге «Ұзақ» колхозын таратып, оның тұрғындарын

Қытайға кетуге үгіттеген. Оған сонымен қатар колхоздың егіс жоспарын орындауға бөгет жасады, колхоздың азық-түлігін талан-таражға салып, мемлекет тарапынан берілген жәрдемді колхозшыларға бермей жасырып қалды, колхоз малын таратты, ел арасында Матшановтың нұсқауымен провокациялық өсек таратып, адастырды деген де айыптар тағылды. Оған сот барысында қойылған «зиянкестік ұйымда болдыңыз ба» деген сұраққа «болдым» деп жауап беріп, барлық айыптауларды мойына алған.

Айыпкер Құлжабаевқа зиянкестер ұйымында ғана емес, «Анненковтың бандысына да қатысып, Қытайға қашқан қазақ байларымен тығыз байланыста болды, колхоз егініне әдейлеп тұқым септірмеді» деген және тағы басқа айыптар тағылған. Ал Қылышевқа «зиянкестер ұйымына 1936 жылдың ортасында Ұржар аудандық қатынас бөлімінің бастығы Бекебаевтың тартуымен кіріп, колхоз ісіне барынша қастық» жүргізді деген айып тағылса, ал Бекебаевқа «Матшановпен келісіп, колхоздарда бүліншілік жасайды» деген кінә тағылды. Батғалиевқа «Ұ. Құлымбетов пен О. Жандосовпен Ұржар ауданына келген кезде байланыс жасап, солардың тапсырмаларын орындады» деген айып тағылды [20].

Осы сот жүйесі «Лениншіл жас» газетіне де жарияланып, процесс барысында айыпкерлердің бәрі өздеріне тағылған айыпты толық мойындады деген қорытынды жасады [21].

Қорытынды

1937-1938 жылдадағы кеңестік қуғын-сүргін барысына қазақтың белді зиялылар, үкімет саласында қызмет еткен қызметкерлермен қатар, қарапайым ел азаматтары ілігіп, нақақтан жабылған жаладан қуғындалып кете барды. «Халық жауы» қатарына іліккендердің тағдыры ұзақ уақыт туған-туыстарына белгісіз болып қалды. Лагерьлерге жіберілгендерге үй-ішімен араласуға, хат жазуға тыйым салды. Тіпті атылып кеткендер туралы мәліметті тек Сталин қайтыс болып, «жеке басқа табынушылық» қасіреті жойылғаннан кейін ғана ала алды.

Ұлтшыл-фашист, контрреволюцияшыл ретінде атылғандардың, жазаланғандарды ақтау процесі Хрущев билігі кезінде жүзеге асса да, олардың ұрпақтары тек өткен ғасырдың 90-шы жылдардың басында ғана анықтай алды. Дегенмен әлі де болса, кеңестік үлкен террор тырнағына жазықсыздан іліккендердің ақталмай қалған қаншама азаматтар бар. Әсіресе 58 бапқа қоса, 59 баптармен істі болып атылып кеткендердің арасында «бандит», «шпион», «араңдатушы» ретінде айыпталған дін иелері, қарапайым колхозшы, жұмысшы, еңбеккерлердің басымы әлі де сол жабылған қара күйеден ақталған жоқ. Керісінше, кеңестік биліктің идеологиялық құралы болған баспасөз арқылы «халық жауы» ретінде қараланған қарапайым ел азаматтарының ұрпақтарының сағын сындырып, кейбірін жоғары оқу орнына, қызметке алмай сергелдеңге салуының түбінде үлкен мән жатты.

Кеңестік большевиктік идеологияның жазықсыз құрбанына айналғандарға кім жауап береді? Әрине, сол кездегі биліктің, жеке билеушілердің кінәсі дейміз-ау. Дегенмен сол қара күйеден арылмай, кезінде қараланғандарды аршып алып, есімдерін қайта қалпына келтіріп, халыққа оларды танытудың уақыты жеткен сияқты. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай 1920 жылғы 29 мамырдағы үндеуінде осы нәубеттің құрбаны болғандарды мәңгі есте қалдыруда мемлекеттік деңгейде тиісті іс-шараларды ұсынып, тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін ақтау үшін мемлекеттік комиссия құруды тапсырған болатын. Президентіміз биылғы жылдың қаңтарындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында да XX ғасыр арасына дәріптеуді жалғастыра беруді ұсынуы да өткен ғасырдағы құрбандардың тағдырын саралауға, зерттеуге үлкен мүмкіндік болып отыр. Өткен тарихты білмей, алдағы тарихты таныту мүмкін еместігін есте ұстаған абзал.

Мақала ИРН АР09259029 нөмірлі «XVIII ғ.–XX ғ. 30 жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдары негізінде)» жобасы негізінде дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәкішев Т. Октябрь өрені / Т. Кәкішев. - Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1962. - 204 б.
- 2 ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., «479» а-іс.1-2-п.
- 3 ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 368-іс. 1-1 қ. - пп.
- 4 Махат Д.А. Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.) / Д.А. Махат. - Астана: ЖШС Ана тілі - Ата тарих, 2007. - 528 б.
- 5 Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен дерктік маңызы / С. Смағұлова. - Алматы: «Елтаным баспасы». 2011. - 432 б.
- 6 Махат Д. А. Қазақ зиялыларының қасіреті / Д.А. Махат. - Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. - 304 б.
- 7 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX). -Алматы: Жалын, 2004. - 400 б.
- 8 Өтепов Қ. Контрреволюцияшыл ұлтшылдар – фашизмнің агенті // Социалды Қазақстан. -1937. - № 5.
- 9 Нұрпейісов С. Қазақстан партия ұйымына партия документтерін ауыстырудың қорытындысы туралы // Социалистік Қазақстан. - 1937. - 3 февраль. - №27 (4331).
- 10 Халық дұшпандарын түгел әшкерелеп, көзін мүлде құртайық // Социалистік Қазақстан. - 1937.- 9 январь. - № 7.
- 11 Серікбаев Қ. Жалақорлар жазаланбай отыр // Социалистік Қазақстан. -1938. - 1 апрель. - №74 (4779).
- 12 Жантасов Б. Мемлекеттік тәртіпті бұзғандар // Социалистік Қазақстан. - 1938. -14 апрель. - №83 (4785).
- 13 Анискин А. Басшылықтың большевизмге қарсы стилі // Социалистік Қазақстан. - 1938. - 23 май. - №117 (4822).
- 14 Абдолла. Билер сотқа берілді // Социалистік жол. - 1937. - 23 июль. - №167 (1499).
- 15 Театрды басқарып отырған бассыз басшылар // Социалистік жол. - 1937. - 26 июль. - №169 (1501).
- 16 Шындап басшылық етуді тілейтін жұмыстың бірі // Социалистік жол. - 1937. - 28 июль. - №171 (1503).
- 17 Преснов ауданындағы контрреволюцияшыл троцкистер мен ұлтшыл-фашистер бандысына сот // Социалистік жол. - 1937. - 28 сентябрь. - № 223 (1555).
- 18 Преснов ауданындағы контрреволюцияшыл троцкистер мен ұлтшыл-фашистер бандысына сот // Социалистік жол. - 1937. - 29 сентябрь. - № 224 (1556).
- 19 Буржуазияшыл ұлтшылдардың бірін қалдырмай әшкерелеп, жермен жексен қыламыз! // Социалистік Қазақстан. - 1937. - № 218 (4522). - 22 сентябрь
- 20 Ұржар ұлтшыл-фашистер бандысына сот // Социалистік жол. - 1937. - 3 октябрь. - №227 (1559).
- 21 Ұржар ұлтшыларына сот // Лениншіл жас. 1937. №157. 30 сентябрь.

S.O. Smagulova, G.B. Izbassarova

K. Zhubanov Aktobe Regional University Aktobe, Kazakhstan

Stalinist repressions in the periodical press

(based on the materials of the periodical press of the 20-30s of the XX century)

Abstract. The article is devoted to the actions of Soviet ideology to turn the periodical press into a tool of propaganda of the Communist Party and the campaign of Stalinist repression. “Enbekshi-Kazakh” (later “Social-Kazakhstan”, “Socialist Kazakhstan”), “Kzyl Kazakhstan”, provincial “Ak Zhol”, “Kazakh Tili» and other publications, which became organs of the party and government in the 20-30s of the twentieth century, were supposed to exalt the triumph of socialism, to glorify the achievements of the new Soviet life. The authors define the position of the government in relation to the periodical press published under the Soviet system and use examples to reveal the process of exposing the intelligentsia and citizens of the country who worked in

various fields. Through the periodical press, it is clarified how the course of the struggle against elements alien to the Bolshevik system. The authors analyze the course of political repression of the Kazakh intelligentsia as a «bourgeois nationalist», «right deviants» in the 1920s. In the 1930s, the newspapers reflected the progress of the purge of enemy elements that had joined the ranks of the Communist Party. The article analyzes a role and place of the press in identifying «enemies of the people» in the districts of the Aktobe region. It reveals a trial process for identifying enemies in the fields of education, culture, art, agriculture of the Wilsky, Temir, Presnovsky districts.

Keywords: Soviet ideology, periodical press, intelligentsia, nationalism, Alash movement, Stalinist repressions, alien element, exposure.

С.О. Смагулова, Г.Б. Избасарова

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

**Сталинские репрессии в периодической печати
(на основе материалов периодической печати 20-30-х гг. XX в.)**

Аннотация. Статья посвящена изучению советской идеологии по превращению периодической печати в инструмент пропаганды коммунистической партии и кампании сталинских репрессий. «Енбекши-Казак» (впоследствии «Социал-Казакстан», «Социалистик Казакстан»), «Кзыл Казакстан», губернские «Ак жол», «Казак тили» и другие издания, ставшие органами партии и правительства в 20-30-е годы XX в., должны были возвышать торжество социализма, прославлять достижения новой советской жизни. Авторы определяют позицию правительства по отношению к периодической печати, вышедшей при советской системе, и на примерах раскрывают процесс «разоблачения» интеллигенции и граждан страны, работавших в различных сферах. Анализируется деятельность советского государства по борьбе с элементами, чуждыми большевистскому строю, через периодическую прессу, изучается ход политических репрессий казахской интеллигенции как «буржуазных националистов», «правых уклонистов». Показано, как в 30-е годы прошлого века в газетах отражался ход зачистки от «вражеских элементов», вошедших в ряды Коммунистической партии. Проанализированы роль и место печати в выявлении «врагов народа» в районах Актюбинской области, раскрыт судебный процесс над «вредителями» в сферах образования, культуры, искусства, сельского хозяйства Уилского, Темирского, Пресновского районов.

Ключевые слова: советская идеология, периодическая печать, интеллигенция, национализм, алашское движение, сталинские репрессии, чуждый элемент, разоблачение.

References

- 1 Kakishev T. Oktyabr' oreni [Oktyabr'skaya dolina], (Kazaktyn memlekettik korkem adebiet baspasy, Almaty, 1962, 204 p.), [in Kazakh].
- 2 KR PM. 141-k., 1-t, «479 « a-est. 1-2-p., [in Kazakh].
- 3 KR PM. 141-k., 1-t, 368-est. 1-1 k. – pp., [in Kazakh].
- 4 Mahat D. A. Baspasoz: stalinshildiktin Kazakstanda ornuy (1925-1956 lj., [The Press: The Making of Stalinism in Kazakhstan (1925-1956)], (ZHSHS Ana tili - Ata tarih, Astana, 2007, 528 b.), [in Kazakh].
- 5 Smagulova S. Kazak merzimdi baspasoz: shygu tarikhy homines derktik manyzy [Kazakhstan's periodicals: history and significance], (Almaty: «Eltanym baspasy», 2011, 432 b.), [in Kazakh].
- 6 Mahat D. Kazak ziyalylyrynyn kasireti [The tragedy of the Kazakh intelligentsia], (Sozdk-Dictionary, Almaty, 2001, 304 p.), [in Kazakh].
- 7 Koigeldiev M. Ultyk sayasi elite. Kazmeti homines tagdyry (XVIII-XX) [The national political elite. Function and destiny (XVIII-XX)], (Zhalyn, Almaty, 2004, 400 b.), [in Kazakh].
- 8 Oteпов K. Kontrevolyutsiyashyl ultshyldar-fashizmnin agente [Counter-revolutionary nationalists are agents of fascism], Sotsialdy Kazakstan [Social Kazakhstan], January 6, 5, 1937, [in Kazakh].

9 Nurpeyisov S. Kazakhstan partiya uyymyna partiya dokumenterin auystyrudyn korytyndysy turaly [On the results of the transfer of party documents to the party organization of Kazakhstan], Sotsialistik Kazakstan [Socialistic Kazakhstan], February 3, 27 (4331), 1937, [in Kazakh].

10 Halyk dushpandaryn tygel ashkerelep, kozin mulde kurtayyk [Exposing all enemies of the people and destroying them completely] Sotsialistik Kazakhstan [Socialistic Kazakhstan], January 9, 7, 1937, [in Kazakh].

11 Serikbayev K. Zhalakorlar zhazalanbay otyr [Slanderers are not punished], Sotsialistik Kazakhstan [Socialistic Kazakhstan], April 1, 74 (4779), 1938, [in Kazakh].

12 Zhantasov B. Memlekettik tartipti buzgandar [Offenders of public order], Sotsialistik Kazakstan [Socialistic Kazakhstan], 4 april, 83 (4785), 1938, [in Kazakh].

13 Aniskin A. Bashylyktyn bolshevizmge karsy stile [Anti-Bolshevik leadership style], Sotsialistik Kazakstan [Socialistic Kazakhstan], 23 May, 117 (4822), 1938, [in Kazakh].

14 Abdolla. Biler sotka berildi [Judges were taken to court], Sotsialistik zhol [Socialistic way], July 23, 167 (1499), 1937, [in Kazakh].

15 Theatrdy baskaryp otyrgan bassyz basshylar [Heads without a bass running the theatre], Sotsialistik zhol [Socialistic way], 26 July, 69 (1501), 1937, [in Kazakh].

16 Shyndap bashylyk etudi til'itin zhumystyn biri [This is one of those professions where you really want to lead], Sotsialistik zhol [Socialistic way], 28 July, 171 (1503), 1937, [in Kazakh].

17 Presnov audanyndagy kontrorevolyutsiyashyl trotskyister homines ultshyl-fashister bandysyna vto [Trial of counter-revolutionary Trotskyists and nationalist-fascist gangs in the Presnovsky district], Sotsialistik zhol [Socialistic way], 28 september, 223 (1555), 1937, [in Kazakh].

18 Presnov audanyndagy kontrorevolyutsiyashyl trotskyister homines ultshyl-fascister bandysyna obo [Trial of counter-revolutionary Trotskyists and nationalist-fascist gangs in the Presnovsky district] Sotsialistik zhol [Socialistic way], 29 september, 224 (1556), 1937, [in Kazakh].

19 Bourgeoisieashyl ultshyldardyn birin kaldyrmay ashkerelep, Germain zheksen kylamyz! [Exposing and destroying one of the bourgeois nationalists] Sotsialistik Kazakhstan [Socialistic Kazakhstan], 22 september, 218 (4522), 1937, [in Kazakh].

20 Urzhar ultshyl-fashister bandysyna vto [Urjar nationalist-fascist gang under trial], Sotsialistik zhol [Socialistic way], 3 october, 227 (1559), 1937, [in Kazakh].

21 Urjar ultshylaryna sot // Leninshil zhas [Lenin's youth], 30 september, 157, 1937, [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер:

Смағұлова Светлана Одеповна – тарих ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Ізбасарова Гүлбану Болатқызы – тарих ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Smagulova Svetlana Odeповna – Doctor of Historical Sciences, K. Zhubanov Aktobe Regional University Aktobe, Kazakhstan.

Gulbanu Bolatovna Izbassarova – Doctor of Historical Sciences, K. Zhubanov Aktobe Regional University Aktobe, Kazakhstan.